

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
« 23 » _____ 2023 ж. № _____ қаптама
Ғылыми кеңестің төрағасы
_____ Г.А. Ахмедьяров



6B02127 «ХОРДЫ ДИРИЖЕРЛЕУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:

✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Дирижерлеу»	6B02127 «Хорды дирижерлеу»	Қазақ Орыс	Арнайы мамандандырылған музыкалық мектеп, музыкалық колледж	Бар	75 грант және ақылы

Өтініш берушінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- Талапкердің кәсіптік музыкалық білімі туралы мемлекеттік құжаты болуы керек.

Талапкерлерде кәсіби хор дирижердың қалыптасуы үшін қажетті келесі мәліметтер болуы керек.

- Дамыған музыкалық есту қабілеті, ырғақ сезімі, теориялық және фортепианолық дайындық, жақсы вокалдық қабілеттер, эрудиция, музыкалық шығармаларды талдау қабілеті.

- Дамыған дирижерлік техника мен пластика, коммуникативтік қабілеттер, әртістік пен музыкалылық қабілеттер, ұжыммен жұмыс істеу дағдысы, көшбасшылық қасиеттер.
- Тұрақты жүйке жүйесі, физикалық төзімділік, кәсіби дағдыларды меңгеруге кедергі келтіретін физикалық кедергілер болмауы.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР БОЙЫНША ТАЛАПТАР

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Мамандық бойынша емтиханда абитуриентке келесі талаптар қойылады:

Екі шығарманы (а, *carrella*, сүйемелдеуімен) дирижерлау. Шығармалар музыкалық-экспрессивті құралдар бойынша бір-біріне қарама-қарсы болуы керек.

Фортепианода ойнау:

- А' *carrella* шығарманы (жатқа);
- Сүйемелдеумен орындалатын шығармадағы хор партитурасын (ноталар бойынша);
- Сүйемелдеумен орындалатын шығармадағы аккоманементің (ноталар бойынша).

Хор партияларын дирижерлеумен әндету (көлденеңінен: мәтінмен, тігінен: сольфеджио):

- А' *carrella* шығармасында (көлденеңінен: жатқа, мәтінмен айту; тігінен: жатқа, сольфеджио бойынша кульминацияда және шығарманың соңында аккордтар тізбегін әндету)
- Сүйемелдеумен орындалатын шығармада (көлденеңінен: ноталар бойынша, мәтінмен айту; тігінен: ноталар бойынша, сольфеджио бойынша кульминацияда және шығарманың соңында аккордтар тізбегін әндету)

Коллоквиум

Орындалатын бағдарламаның композиторлардың және әдеби мәтінінің авторлары өмірлік және шығармашылық жолы (шығарманың стилі, жанры, формасы туралы сипаттама); әлемдік және қазақстандық хор әдебиеті бойынша музыкалық колледж бағдарламасы көлеміндегі сұрақтар.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Сольфеджио

Жазбаша

- Аралас құрылымды (гомофонды-полифониялық), диатоникалық туыстық тональдікке ауытқулары және модуляциясы бар үшдауысты диктант
- Жазуға берілетін уақыт – 25-30 минут, 10 рет орындалады.

Ауызша

- Интервалдары, айналымдары бар аккордтарды әндету және естіп анықтау (тональдікте және дыбыстан);

- Төртдауысты орындауда біртональді және модуляциялық музыкалық құрылымды есту арқылы анықтау;
- Өртүрлі метрикалық қиындықтары бар, қарапайым және күрделі өлшемде жазылған, альтерация және мен хроматизмдері бар бірдауысты әуенді бірден парақтан әндету.

Гармония

Жазбаша

Диатоникалық аккордтарды, альтерацияланған субдоминанта аккордтарын, екі еселенген доминантаны, I деңгейдегі туыстық тональдіктерге ауытқулары мен модуляцияны қолдана отырып әуенді гармонизациялау.

- Жазуға берілетін уақыт — 2 академиялық сағат

Ауызша

- Период формасында, төртдауысты құрылымда (аккордтан тыс дыбыстарды қолдана отырып), I деңгейдегі туыстық тональдіктерге модуляция ойнау;
- Аккордтар тізбегін немесе секвенция ойнау (тональді немесе модуляциялық);
- Өртүрлі стильдегі шығармалардың музыкалық үзіндісіне бірден парақтан гармониялық талдау жасау;
- Музыка теориясы, гармония, музыкалық шығармаларды талдау курстары бойынша сұрақтар.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

- Музыкалық колледжде мемлекеттік емтихандарда орындалған бағдарламаны ұсынуға бола ма?
- Иә, болады.
- Музыкалық колледжде 4 курста 7 семестрде орындалған бағдарламаны ұсынуға бола ма?
- Иә, болады.
- Мен Гуманитарлық (педагогикалық) колледжді "Музыкалық білім" мамандығы бойынша бітірдім. Мен «Хор дирижерлеу» мамандығына түсе аламын ба?
- Иә, болады.
- Балалар музыкалық мектепті бітіргеннен кейін оқуға түсуге бола ма?
- Жоқ, түсе алмайсыз.
- Коллоквиум билеттер бойынша өтеді ме?
- Жоқ, коллоквиум сұрақтарын комиссия ерікті түрде қояды.

• Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II</i> шығармашылық емтихан
45-50	Дирижерлік аппаратымен еркін меңгеру; әртүрлі дирижерлік техника; үздік фортепианалық және вокалдық дайындық; шығарманың түпкі ойына терең үңілу; сенімді трактовка және шығармалардың дербес интерпретациясы; көркем-эмоционалды, бейнелі орындау; артистизм және жоғары сахналық мәдениет; бағдарламаны, ноталық/әдеби мәтінді жақсы білу; музыкалық көркемдіктің барлық құралдарын (форма, мелодика, ритм, фразировка, динамика, штрихтар және т.б.) дәл көрсету, автордың түпкі ойын сәйкес орындау.	45-50	Жазбаша жұмыс мінсіз, қатесіз және ескертусіз орындалды; Диктант сауатты, қатесіз жазылған; Әндетуі интонациялық таза және ырғақты дәл; Музыка теориясы бойынша мінсіз жауап.
40-44	Дирижерлік аппаратты еркін меңгеру; дирижерлік техниканың негізгі элементтерін меңгеру; үздік фортепианалық және вокалдық дайындық; шығармалардың түпкі ойын дұрыс түсіну; сенімді трактовка және шығармалардың дербес интерпретациясы; көркем-эмоционалды, бейнелі орындау; артистизм және сахналық мәдениет; ноталық/әдеби мәтінді жақсы білу, бағдарламаны қателіктерсіз, жақсы орындаушылық деңгейде орындау; орындалып жатқан шығарманың көркем образын ашу, музыкалық көркемдіктің барлық құралдарын (форма, мелодика, ритм, фразировка, динамика, штрихтар және т.б.) дәл көрсету, автордың түпкі ойын сәйкес орындау.	40-44	Жазбаша жұмыс сауатты орындалды, кішкене түзетулермен; Диктант толығымен жазылған, бірақ кішігірім түзетулер енгізілді; Әндетуі сенімсіз, бірақ интонациялық таза және ырғақты дәл; Музыка теориясы бойынша тамаша білім.
35-39	Дирижерлік аппаратты және дирижерлік техниканың негізгі элементтерін жақсы меңгеру; жақсы фортепианалық және вокалдық дайындық; шығармалардың түпкі ойын дұрыс түсіну; сенімді трактовка және интерпретация, сахнада өзін ұстау шеберлігі; ноталық/әдеби мәтінді дәл оқу және білу, қателіктерсіз; эмоционалды, бейнелі орындау; шығарманың көркем образын ашу, музыкалық көркемдіктің құралдарын (форма, мелодика, ритм, фразировка, динамика, штрихтар және т.б.) көрсету,	35-39	Жазбаша жұмыс бірнеше кішігірім қателіктермен орындалады; Диктант толығымен жазылады, бірақ әуен мен ырғақта аздап қате кеткен; Әндету жақсы, бірақ әуенде және ырғақтық қателіктер бар; Жақсы теориялық білім.

	автордың түпкі ойын сәйкес орындау.		
30-34	Дирижерлік аппаратты және дирижерлік техниканың негізгі элементтерін орташа деңгейде меңгеру; фортепианалық және вокалдық дайындықтың орташа деңгейі; шығармалардың түпкі ойын дұрыс түсіну; шығармаларды дұрыс трактовкалау және интерпретациялау; сахнада өзін ұстау шеберлігі; ноталық/әдеби мәтінді жақсы білу; бағдарламаны қатаң қателіктерсіз, жақсы орындаушылық деңгейде орындау; жеткіліксіз эмоционалды орындау; шығарманың көркем образын ашу, музыкалық көркемдіктің негізгі құралдарын (форма, мелодика, ритм, фразировка, динамика, штрихтар және т.б.) көрсету.	30-34	Жазбаша жұмыс аз қателіктермен орындалады; Диктант толығымен жазылады, бірақ әуен мен ырғақта аздап қателері бар. Ән айту жақсы, бірақ әуенде және ырғақтық қателіктер бар. Музыка теориясы бойынша кейде дұрыс жауап бере алмайды.
25-29	Дирижерлік аппаратты және дирижерлік техниканың негізгі элементтерін әлсіз меңгеру; фортепианалық және вокалдық дайындықтың орташа деңгейі; шығармалардың түпкі ойын дұрыс түсіну; сенімді емес трактовка және интерпретация; сахнада өзін ұстау шеберлігінің болмауы; ноталық/әдеби мәтінді нашар білу; қателіктермен бағдарламаны жеткіліксіз орындау; эмоциясыз орындау; шығарманың көркем образын аша алмау, музыкалық көркемдіктің негізгі құралдарын (форма, мелодика, ритм, фразировка, динамика, штрихтар және т.б.) жеткіліксіз дәл көрсету.	25-29	Жазбаша жұмыс көп қателіктермен орындалған; Диктант толық жазылған, бірақ маңызды қателіктер жіберілген; Ән айту интонация жағынан таза емес және ритмикалық дәл емес. Музыка теориясы бойынша жауаптар әрдайым дұрыс емес.
20-24	Дирижерлік аппаратты және дирижерлік техниканың негізгі элементтерін нашар меңгеру; фортепианалық және вокалдық дайындықтың әлсіз деңгейі; шығармалардың түпкі ойын дұрыс түсінбеу; сенімді емес трактовка және интерпретация; сахнада өзін ұстау шеберлігінің болмауы; ноталық/әдеби мәтінді нашар білу, шығармаларды қателіктермен орындау; эмоциясыз, бейнелі емес бағдарламаны орындау; шығарманың көркем образын аша алмау, музыкалық көркемдіктің негізгі құралдарын (форма, мелодика, ритм, фразировка, динамика, штрихтар және т.б.) дұрыс көрсете алмау.	20-24	Жазбаша жұмыс үлкен қателіктермен орындалды; Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар. Әндету дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді Музыка теориясы бойынша үзінді жауаптар береді
15-19	Дирижерлік аппаратты және дирижерлік техниканың негізгі элементтерін нашар меңгеру; фортепианалық және вокалдық дайындықтың төмен деңгейі; шығармалардың түпкі ойын түсінбеу; дұрыс емес, сенімді емес және бейнелі емес трактовка және интерпретация; сахнада өзін ұстау	15-19	Жазбаша жұмыс толық орындалған жоқ; Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар. Ән айту дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді Жеңіл-желпі теориялық білім .

	шеберлігінің болмауы; ноталық/әдеби мәтінді нашар білу, бағдарламаны қатаң қателіктермен орындау; эмоциясыз, формальды дирижерлік жүргізу, штрихтар мен фразировкаларды, агогиканы және темпо-ритмдік нұсқауларды орындамау.		
10-14	Дирижерлік аппаратты және дирижерлік техниканың негізгі элементтерін меңгермеу; фортепианалық және вокалдық дайындықтың нашар деңгейі; шығарманың түпкі ойын түсінбеу, дұрыс емес трактовка және интерпретация; эмоциясыз, бейнелі емес орындау; төмен сахналық мәдениет; ноталық/әдеби мәтінді нашар білу, бағдарламаны қатаң қателіктермен орындау; штрихтар мен фразировкаларды, агогиканы және темпо-ритмдік нұсқауларды орындамай, формальды дирижерлік жүргізу.	10-14	Жазбаша жұмыс соңына дейін орындалмайды, үлкен қателіктермен; Диктант толығымен жазылмаған, көптеген қателіктермен; Ән айту дәл емес; Теориялық білімді нашар меңгерген
5-9	Дирижерлік аппаратты және дирижерлік техниканың негізгі элементтерін меңгермеу; фортепианалық және вокалдық дайындықтың нашар деңгейі; шығармалардың түпкі ойын түсінбеу; дұрыс емес трактовка және интерпретация; эмоциясыз орындау; төмен сахналық мәдениет; ноталық/әдеби мәтінді нашар білу, бағдарламаны қатаң қателіктермен орындау; штрихтар мен фразировкаларды, агогиканы және темпо-ритмдік нұсқауларды орындамай, формальды дирижерлік жүргізу.	5-9	Жазбаша жұмыс орындалмады; Диктант соңына дейін жазылмаған; Әндету фрагментті, қателіктермен Теориялық материалды меңгермеген
0-4	Бағдарламалық талаптарды орындамауы	0-4	Жазбаша жұмыс орындалмады; Диктант жазылмаған; Ән фрагментті, қателіктермен Теориялық материалды меңгермеген

Байланыс ақпараты:

Бірінші шығармашылық емтихан сұрақтары бойынша: dirijerlay@kaznui.kz

Екінші шығармашылық емтихан сұрақтары бойынша: myzykatany.kompozisia@kaznui.kz

Оқуға тапсыру кезіндегі жалпы сұрақтарыңыз бойынша: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Сметова Алмагуль Амантаевна



Кафедра меңгерушісі: Аргингазинова Гульнар Болатовна

